

1 қыркүйек-Білім күні мерекесінде Ембі қаласының мектеп жанындағы интернаты бар №7 ЖББО мектебінде *"Мектебім-мейірім мекені"* тақырыбында салтанатты жиын өтті. Салтанатты жиында жаңа оқу жылының алғашқы қоңырауы соғылып, оқушылар жаңа бастаумен білімге қарай қадам басты. Жиында мектеп директоры А.Ж.Достанова алғашқы құттықтау сөз сөйлеп, 2023-2024 оқу жылында жеткен жетістіктерге тоқталып, ұстаздарымызды жетістіктерімен құттықтап, жаңа оқу жылына сәттілік, шығармашылық табыстар тіледі.

Салтанатты шараға ардагер ұстаздар қонақ ретінде шақырылып, ұстаздар мен оқушылар қауымын мерекемен құттықтады.

Мектеп табалдырығын жаңадан аттаған бүлдіршіндер өлең шумақтарын оқып, ән айтты. Жиын соңында алғашқы қоңырауды 1- сынып оқушысы Базарбай Али соқты.



2 қыркүйек күні 1-11 сыныптар аралығында бірыңғай «Менің Отаным - Қазақстан» тақырыбында сынып сағаттары өтті.



Қыркүйек айының үшінші аптасы «Аналар күні» мерекесіне орай мектебіміздің өзін-өзі басқару ұйымының оқушылары мен жетекшісі А.Е.Тажиева аналарға құрмет көрсетіп, көңіл-күйлерін көтеру мақсатында «Анаға алғыс!» атты челлендж ұйымдастырды. Аналарын қуантуды жөн көрген оқушылар өз қолдарымен тәттілерден гүл шоқтарын жасады. Әр бір оқушы белгіленген уақытта аналарынан қай жерде болатынын біліп, барлық ұйым мүшесі сол аталған орында барып, әнін Қазыбек Құрайыштың «Ана» атты әнін шырады. Тосын – сыйға таң қалған аналар балалар қуанып, көздеріне жас алып, оқушыларға алғыстарын білдірді.



Отбасы құндылықтарын бала бойына дарыту мақсатында «Отбасылық құндылықтары» тақырыбында ата-ана мен бала бірлескен одақ екенін ескере отырып бірлескен жұмыс жасалды.



Ұлттық құндылықтарды бала бойына дарыту мақсатында «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында күнделікті «Ұлттық ойын – ұлт қызынасы» тақырыбында үзілісте ұлттық ойындар ойнатылады.

